|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------|-------------------------|



|                                                                                                                                                                |                                      |                                                                                                                                                                             |                   |                                                    |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------|----------------------------------------------------|
| 1. Мұхаметқали Аңсар<br>2. Дауренбекұлы Нұрали<br>3. Курбаналиев Абдель<br>4. Серік Абдулкерим                                                                 |                                      |                                                                                                                                                                             |                   | Алтайбаев<br>на<br>Бейсебаева<br>Әсем<br>Тоқановна |
| Камзаева Айсұлу II орын<br>Алмасова Раяна II орын<br>3. Жасейт Айару II орын<br><br>4. Асилхан Аян<br>5. Амангелді Айару<br>6. Семейбек Нимет<br>7. Абикен Айя | 2А<br>1Ә<br>3Ә<br><br>2Ә<br>1Ә<br>1А | III Халқаралық балалар,<br>жасөспірімдер мен ересектерге<br>арналған «Music Art Festival»<br>өнер байқауында 7-10 жас<br>аралығында Эстрадалық вокал<br>номинациясы бойынша | Нұр-Сұлтан 2021 ж | Музыка<br>мұғалімі:<br>Ерназар<br>Дана<br>Асетқызы |

2020-2021 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың Аудандық кезеңіне мектептен ағылышын, қазақ тілі, орыс тілі, Қазақстан тарихы, математика, химия, физика, биология пәндері бойынша 32 оқушы қатысты. Оның ішінде: Биология пәнінен 9-сынып оқушысы **Жәйіл Нұрсұлтан** 1-орын иеленді, Қазақ тілі пәнінен 10-сынып оқушысы **Жарылқасын Иманғали** 3-орын иеленді, Қазақстан тарихынан 11-сынып оқушысы **Абитаев Арыстан** 3-орын иеленді, Ағылшын тілінен 10-сынып оқушысы **Сериков Ерасыл** 3-орын иеленді, Биологиядан 10-сынып оқушысы **Баянғалиев Иманғали** 3-орын иеленді, информатикадан 9-сынып оқушылары **Тагберлиев Нурдаулет** және **Серікбеков Асанали, Тлеукулов Ибрагим** 3-орын иеленді, сондай-ақ 10-сынып оқушысы **Жәдігер Мұхаммедали**, 11-сынып оқушысы **Абдильманов Аман** да 3-орын иеленді. Барлығы 10 оқушы жүлдегер атанды. 1 оқушы биология пәнінен қалалық олимпиадаға қатысып, онда жүлделі 3-орынға ие болды. (Жәйіл Нұрсұлтан 9-сынып). Ол туралы аудандық білім бөлімінің олимпиаданың есеп хатында «Аудандық олимпиадаларда жоғары деңгейдегі білім мен білік дағдыларын №№165, 105, 68, 60, 140, 138, 81, 92, 21, 51, 146, 22, 23, 125, «Тамос Эдьюкейшн» физика-математика мектебі, «Престиж» мектебі және «Сүлейман Демирел атындағы мектеп-интернат-колледжі» мекемесінің оқушылары көрсетті» деп атап өтілді.

Алматы дарыны ұйымдастырған 5-6 сынып оқушылары арасындағы қалалық олимпиадада 6-сынып оқушысы Төлеубай Асылай жүлделі 3-орынға ие болды.

Жас жеткіншектер арасындағы олимпиадаға 7-8 сынып оқушылары қатысты 14-15 қараша аралығында “Owlupia” онлайн жарысының аймақтық кезеңі өтіп, 13 оқушымыз жүлделі орындарға ие болды.

Қатысушылар жарысқа 5 бөлімнен тіркелді:

1. Өнер және Дизайн
2. Экономика және Бизнес
3. Әдебиет және Мәдениет
4. Ғылым және Технология
5. Әлеуметтік ғылымдар

“Owlupia” байқауының басты артықшылықтары:

- ✓ Барлық сайыстардың ағылшын тілінде өтуі,
- ✓ Әртүрлі тақырыпта эссе жазу;
- ✓ Көпшілік алдында еркін сөйлеу;
- ✓ Командамен жұмыс жасау;
- ✓ Оқушының ой-өрісін, дүниетанымын және эрудициясын тереңдету
- ✓ Жан-жақты зерттеу қабілеттерін шыңдау болып табылады.

Біз үшін білім алушыларымыздың жетістігі ең маңызды көрсеткіш болып табылады!

## 5.Тәрбие жұмысы

**Мақсаты:** Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат және патриот қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.

3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуына және өзін-өзі жүзеге асыруына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту.
6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруына ықпал ету.
7. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

#### **7. 2020-2021 оқу жылында күтілетін нәтижелер:**

- Тәрбие тұжырымдамасының бағыттары бойынша ашық тәрбие сағаттарын өткізу, әдістемелік құралдар дайындау, өзара іс-тәжірибе алмасу.
- балалар мен жастар бастамаларын қолдау және дамыту, өзін өзі басқару ұйымының жұмысын жетілдіру;
- балалар мен оқушы жастар арасындағы діни экстремизмге қарсы күрестің алдын алу жұмыстарын жандандыру;
- ата-анамен отбасы арасындағы байланысты күшейту;

#### **Тәрбие жұмысының орындалу деңгейі:**

«Сүлейман Демирел атындағы мектеп-интернат-колледж» мекемесінде тәрбие жұмысы мынадай бағыттарда іске асырылды:

#### **I. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие**

**Мақсаты:** Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың

құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

## **II. Рухани-адамгершілік тәрбие**

**Мақсаты:** Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

## **III. Ұлттық тәрбие**

**Мақсаты:**

Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу.

## **IV. Отбасы тәрбиесі**

**Мақсаты:**

Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

## **V. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие**

**Мақсаты:**

Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

## **VII. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі**

**Мақсаты:**

Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік құру.

## **VIII. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты**

**Мақсаты:**

Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Мектепте жылдық жоспарға сәйкес іс-шаралар өткізілді. Онлайн оқуға байланысты біраз іс шаралар сынып ішінде өткізілді.

#### ***Мектепшілік бақылаудың орындалуы***

Мектептің жоспарына сәйкес оқу бағдарламалары мен жоспарлардың орындалуы, іс-қағаздарының жүргізілуі, дәптерлердің ұсталуы әр сыныптағы білім деңгейлерін әр тоқсан аралығында қорытынды жазба жұмыстары, тест, БЖБ, ТЖБ өткізілген қорытындысы әдістемелік бірлестіктерде, кеңестерде талданды. БЖБ, ТЖБ, зертханалық жұмыстар жоспар бойынша өтуі, бағаның қорытынды журналға түсірілуі, тексеріліп отырды. Журналдың толтырылуы, дәптерлер мен күнделіктердің ұсталуы жоспар бойынша тексерілді. Кейбір мұғалімдерге журнал толтыру ережесін бұзғаны үшін ескертулер берілді. Болашақта мұғалімдердің құжатты дұрыс толтыруды қатаң қадағалауы қажет.

Жыл бойында әр тоқсан бойынша оқу сапасының қорытындысы жасалып анықтамасы талқыланды, 9,11-сынып оқушыларынан қазақ тілі, орыс тілі пәндерінен жазбаша (эссе) бақылау жұмысын алынып, директор жанындағы отырыста қаралды, дене шынықтыру пәнінің оқылуын зерделенді, көркем еңбек, АРТ, РВЛ пәндерінің оқытылу деңгейін зерделенді.

Қыркүйек, қазан, қаңтар, наурыз, мамыр айларында журналдың EDUPAGE талапқа сай толтырылуы тексеріліп, анықтамалары жазылып, директор жанындағы кеңесте, әдістемелік кеңесте қаралды, ұсыныстар берілді.

Әр тоқсанға пән бірлестіктерінің іс-құжаттары, оқушы құжаты, дәптерлердің ұсталуы, сынып журналдары тексеріліп, әдістемелік отырыста қаралып, анықтамалар жазылып тиісті ескертулер беріліп, сол ескертулердің орындалуы қадағаланып отырды.

#### **5. Мектептегі моральдық – психологиялық климат**

«Сүлейман Демирел атындағы мектеп-интернат колледжі» мекемесінің психологиялық жұмысы жылдық жоспарға сәйкес жүргізілуде. Біздің мекеменің психологиялық қызметіне Халықаралық психологиялық «WiseFull Academy» орталығының қолдауы көрсетіледі. Жыл бойында төменде көрсетілген мақсат пен міндеттерге сәйкес көптеген іс-шаралар атқарылды:

##### **Қызмет мақсаты:**

- оқу процесіндегі барлық қатысушылар үшін жайлы және қолайлы психологиялық климат (қамтамасыз ету) тудыру;



- оқу үлгерімі, тәрбиесі мен дамуына байланысты туындаған қиыншылықтарда психологиялық қолдау қажет балаларға көмек және қолдау көрсету;
- оқушылардың тұлғалық ерекшеліктерін дамытатын, потенциалды мүмкіндіктерін ашуға төмектесетін психологиялық алдын алу бағытында воркшоптар жүргізу.

#### **Міндеттер:**

1. Оқушылардағы өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі айқындау қабілеттерінің қалыптасуында бірге әрекет жасау;
2. Оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес тұлғалық және интеллектуалды дамуына жағдай жасау;
3. 1 сынып оқушыларының бейімделуіне тиімді тұрғыда психологиялық-педагогикалық жағдай жасау;
- 9-11 сынып оқушыларының мамандық таңдауда өзін-өзі айқындаудағы қабілеттерін қалыптастыру;
4. Мектептегі педагог-мамандардың қызметтерінде ғылыми-методикалық материалдармен және психология ғылымы аясындағы соңғы зерттемелермен қамтамасыз етуде бірлесе жұмыс жасау;
5. Оқушыларды зерттеуде қажетті диагностикалық материалдарды іріктеу;
6. Оқушының психологиялық-педагогикалық статусы мен оқу процесіндегі оның психологиялық даму динамикасын жүйелі түрде бақылап отыру;
7. Қарым-қатынаста қиындық тудырған балалар және олардың отбасымен жеке тәрбие жұмыстарын жүргізу;
8. Оқушы контингентін сақтау бойынша өнімді жұмыс жасау мақсатымен тұлғалық ерекшеліктерінде түзетулер қажет балалармен психологиялық-педагогикалық қолдау аясында әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету.

#### **Психологиялық жұмыс негізгі мына бағыттарда жүзеге асады:**

1. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін дамыту
2. Орта және жоғары сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін жетілдіру, болашақ жол картасын жасау
3. Топтық және жеке бақылау (сыныпта, сыныптан тыс жерлерде оқушыны жеке немесе топтық бақылау)
4. Индивидуалды кейстік жұмыс (әлеуметтік, эмоционалдық тұрғыда қиындықтары бар оқушылармен жеке жұмыс)
5. «Табысты ата-аналар» академиясы (ата-аналарға онлайн психологиялық онлайн воркшоптар)

6. Мұғалімдерге академиялық коучинг (мұғалімдерге арналған психологиялық воркшоптар)

**2020-2021 оқу жылы бойында психологиялық қызмет бойынша атқарылған іс-шаралардың атауы мен саны**

| <b>Іс-шаралар</b>                                      | <b>Саны</b> |
|--------------------------------------------------------|-------------|
| Оқушыларға арналған воркшоптар (тренингтер)            | 226         |
| Ата-аналар мен мұғалімдерге арналған онлайн вебинарлар | 16          |
| Индивидуалды кейстер (жеке оқушымен жұмыс)             | 13          |
| Бақылаулар (жеке, топтық)                              | 65          |
| Ата-анамен кездесу (жеке кеңес)                        | 73          |
| Оқушылармен жеке кездесулер                            | 94          |
| Мұғалімдермен жеке кездесулер                          | 108         |

**Психодиагностикалық бағыт**

Психодиагностикалық жұмыстар бойынша оқушыларға мынадай тесттер жүргізілді:



- Қабылдау каналдарын анықтау - LEARNING STYLES INVENTORY
- Темперамент типтерін анықтау - PERSONALITY TEST
- Профориентациялық тест - CAREER INVENTORY (9-11 сынып оқушыларының мансаптық жолды жоспарлау үшін)
- Көптік зият - MULTIPLE INTELLIGENCE
- Адаптациялық деңгейін анықтау - ADAPTATION CHECKLIST (Оқу-тәрбие процесіне жаңадан қосылған оқушыларға арналған тест)
- Бастауыш сынып оқушыларының жалпы даму деңгейін анықтау - DEVELOPMENTAL CHECKLIST
- Эмоционалды интеллект деңгейін анықтау тесті

**Оқушылардың жеке психологиялық картасын толтыру, мәліметтерді жинау**

Оқушылардың жеке тұлғалық психологиялық картасына қажетті ақпараттарды беретін психологиялық тесттер тізімі:

1. «Қабылдау каналдары» - оқушының қабылдау каналының басым бағытта дамып келе жатқан бағытын (аудиал, визуал, кинестетик) анықтайды. Қабылдау каналының басым дамыған типін анықтау оқу стилін анықтауға көмек береді.
2. «Тұлғалық типі» - жас және дара ерекшеліктеріне сәйкес тұлғалық темпераменттік типін (сангвиник, холерик, флегматик, меланхолик) анықтайды. Оқушының тұлғалық ерекшелігін, күшті және әлсіз тұстарын анықтауға, тиімді, ыңғайлы қарым-қатынас орнатуға қолайлы тәсілдерді таңдауға, мамандық жолында темпераменттік типтің әсерін білуге пайдасы бар.
3. «Көптік зият» - ақыл-ойдың 8 бағыты бойынша даму темпін көрсетеді. Оқушының күшті жақтарын біле отырып, оған сол бағытта болашағын жоспарлауға болады.
4. «Даму картасы» - жас ерекшелігіне сай даму жағдайы байқалады. (бастауыш сыныптарына арналған). Оқушылардың педагогикалық-психологиялық тұрғыда жас ерекшелігіне сәйкес дамуындағы қалыпты құбылыстар мен өзгешеліктерді анықтап, қалыптылықты зерттейді.
5. «Эмоционалды интеллект» тесті (барлық сынып оқушыларына). Эмоционалды интеллектіге оқушылардың бойындағы өзін-өзі түсіну, өзін-өзі реттеу, эмпатия, мотивация және әлеуметтік дағдылар аясының даму көрсеткіштері кіреді. Осы 5 бағыттың дамуын анықтайтын тест өте пайдалы ақпарат береді және ол арқылы оқушының эмоционалды интеллектісінің өзіндік ерекшеліктерін байқауға мүмкіндік береді.

Төмендегі кестеде лицей бойынша әр сыныптың тесттер бойынша тапсырған оқушылар саны көрсетілген



| № | Сыныптар | Тест тапсырған оқушы саны |
|---|----------|---------------------------|
|---|----------|---------------------------|

|  |      | Қабылдау каналы | Тұлғалық типі | Көптік зият | Даму картасы |
|--|------|-----------------|---------------|-------------|--------------|
|  | 1 А  | 20              | 17            | 1           | 21           |
|  | 1 Ә  | 20              | 12            | 4           | 19           |
|  | 2 А  | 20              | 12            | 5           | 20           |
|  | 2 Ә  | 9               | 5             | 2           | 20           |
|  | 3 А  | 17              | 10            | 2           | 23           |
|  | 4 А  | 13              | 8             | 2           | 20           |
|  | 5 А  | 7               | 4             | 1           | 30           |
|  | 6 А  | 5               | 2             | 6           | 21           |
|  | 7 А  | 19              | 15            | 10          |              |
|  | 7 Ә  | 17              | 15            | 16          |              |
|  | 8 А  | 17              | 18            | 22          |              |
|  | 8 В  | 19              | 17            | 18          |              |
|  | 8 С  | 20              | 16            | 28          |              |
|  | 9 А  | 15              | 11            | 13          |              |
|  | 9 В  | 15              | 1             | 16          |              |
|  | 10 А | 19              | 13            | 2           |              |
|  | 10 В | 7               | 4             | 4           |              |
|  | 11 А | 10              | 20            | 2           |              |
|  | 11 В | 12              | 12            | 3           |              |
|  | 11 С | 15              | 12            | 4           |              |

Тапсырған тест нәтижелері бойынша әрбір оқушыға педагогикалық-психологиялық мінездемесі берілген. Бұл оқушының жеке психологиялық картасында толтырылатын негізгі ақпарат. Бұл ақпарат сынып жетекшісіне, әкімшілікке, ата-анасына, пән мұғаліміне беріледі. Жеке психологиялық картадағы мәлімет құпия сақталынады.

Төмендегі диаграммаларда темпераменттік типтің басым көрінісі тапқан оқушылардың саны көрсетілген.

13 оқушы: холерик типінің өте басымдығы

4 оқушы: флегматик типі басым

5 оқушы: сангвиник типінің басымдығы

4 оқушы: меланхолик типінің басымдығы



32 оқушы: холерик типінің өте басымдығы

2 оқушы: флегматик типі басым

5 оқушы: сангвиник типінің басымдығы

5 оқушы: меланхолик типінің басымдығы





### 1-6 сынып оқушыларының бейімділігін зерделеу туралы

Мектептің оқу-тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес 01.09-30.10.2020 ж. 1-6 сынып оқушыларының бейімделу кезеңінің зерделеу жұмысы өтілді.

Төмендегі кестеде әр сыныптың бейімделу көрсеткіші пайызбен көрсетілген.

| Сыныбы                                      | 1А  | 1Ә  | 2А   | 2Ә  | 3А  | 4А  | 5А   | 6А  |
|---------------------------------------------|-----|-----|------|-----|-----|-----|------|-----|
| Бейімделген оқушылардың пайыздық көрсеткіші | 90% | 94% | 100% | 94% | 95% | 95% | 100% | 90% |





Әр сыныпта бейімделуде қиындығы бар оқушылардың сипаттамалары ерекше. Эмоционалдық тұрғыда, әлеуметтік сферада немесе оқу-тәрбие процесінде өз бетінше оқу әрекеттерін орындау, шешім қабылдау, өз іс-әрекетіне жауапты болу деген сияқты мәселелер кіреді. Бейімделуден толық өтпеген оқушылардың жас және жеке дара ерекшеліктерін есере отырып, жағымды эффективті тұрғыда дамуына жағдай туғызатын оқу-тәрбие процесін ұйымдастырылды, олар бақылауда болды.


### **Психологиялық коррекция (түзету)**

**Психодиагностикалық жұмыстың нәтижесі бойынша «Индивидуальды кейстер»** түзіледі. Бұл кейске бейімделуден өте алмаған, эмоционалды, әлеуметтік сферасында ұзақ уақыттық қолдауды, қосымша жұмыс жасауды, көмектесуді қажетсінетін оқушылармен жеке психологиялық түзету (коррекциялық) жұмыстары жатады.

Психологиялық түзетуге оқушылардың бойында жиі кездестін мәселелер: эмоцияны қадағалау, бейімделу, мазасыздық пен қорқыныш, СДВГ, стресс, депрессия, әлеуметтік қорқыныш, тұлғаралық және отбасылық мәселелер, өзін-өзі төмен бағалау, суицидке бейімділік, төмен мотивация, жыныстық идентификация, мамандық таңдау, конфликт, уақытты басқару, мақсат қою және оған жету жолдары, армандай білу, терапия, күйзелістен арылу және т.б. бойынша тартылады.

Мектептің индивидуалды кейстерінде эмоционалды сферасында кездесетін қиындықтары, тұлғаралық мәселелері, темпераменттік ерекшеліктері (қызуқандылық, ұстамсыздық, ашушаңдық) бар оқушылар енгізілген.

**Диаграмма – Оқушылармен жеке жұмыстың бағыттары және оқушы саны**



Сонымен қатар, жеке тұлғалық, оқу-тәрбие, қарым-қатынас сферасы, болашақты жоспарлау бойынша туындаған мәселелер негізінде психологиялық қолдау, кеңес беру үшін оқушылармен, мұғалімдермен және ата-аналармен индивидуалды кездесулер өткізілуде.

| Іс-шаралар                 | Саны |
|----------------------------|------|
| Ата-анамен кездесу (кеңес) | 73   |
| Оқушылармен кездесу        | 94   |
| Мұғалімдермен кездесу      | 108  |

### Психологиялық ағарту, алдын алу

Бұл бағытта ай сайын әр сыныппен жас ерекшеліктеріне сәйкес жоспар бойынша воркшоптар өткізіледі.

| Іс-шаралар                                                  | Саны |
|-------------------------------------------------------------|------|
| Бастауыш сынып оқушыларына арналған воркшоптар (тренингтер) | 124  |
| Жоғары сынып оқушыларына арналған воркшоптар                | 102  |



Сол мақсатта оқушылармен төмендегідей тақырыптарда воркшоптар ұйымдастырылды (қыркүйек айынан мамыр айы аралығы):

**Бастауыш және орта сыныптарға (1-6)**

- «Мен мектебімді жақсы көремін және жаңа оқу жылына дайынмын»
- «Мен өзімді танимын»
- «Уақыт және армандар»
- «Эмоциялар әлемі»
- «Зейінді дамыту»
- «Тілдесу өнері»
- «Менің еліктеу идеалым»
- «Салауатты өмір салты»

**Жоғарғы (7-11) сыныптарға:**

- «Жаңа оқу жылына дайынмын»
- «Өзіңді тану және мансапты жоспарлау»
- «Тайм менеджмент»
- «Эмоциялар әлемі»
- «Позитивті ойлаудың күші»
- «Комфортты аймақ немесе қорқыныш аймағы»
- «Қарым-қатынас дағдыларын дамыту»
- «Менің еліктеу идеалым»

**Ата-аналармен психологиялық қызмет**

Психологиялық тұрғыда ата-аналармен жұмыстар ұйымдастырылады. Әр оқушының ата-анасымен жеке кездесулер, онлайн воркшоптар жоспарлы түрде жүргізілуде. Баласының жеке тұлғалық қасиеттерінің өзгеруінде қандай-да бір мәселе туындаған жағдайда педагог-психолог маманымен жеке кездесу мүмкіндігі бар. Оқушының әр тапсырған тестінің нәтижесімен танысу үшін педагогикалық консилиум кезінде педагог-психолог ата-аналармен жеке жолығады.

Психологиялық ағарту, білім беру бағытында қыркүйек айынан бастап, әр ай сайын 1 онлайн воркшоп өткізіліп отыр. Бір жыл барысында 9 тақырыпта воркшоп өткізіледі.

«Табысты ата-аналар академиясы» бойынша ұйымдастырылған психологиялық ағарту тақырыптары:

- «Тағы да мектепке» - адаптацияның психологиялық аспектісі
- «Мен баламды танимын» - баламен дұрыс диалог орнату
- «Баланың кәсіби бағдарындағы ата-ананың рөлі»
- «Баланың мүмкіндіктері мен талантын ашу»
- «Тайм-менеджмент»
- «Отбасындағы эффективті коммуникация»
- «Эмоцияларды басқару»

#### **Мұғалімдермен психологиялық қызмет**

Сынып жетекшілері, пән мұғалімдері педагог-психологпен тығыз байланыста. Сынып жетекшілеріне сынып бойынша оқушылардың жеке педагогикалық-психологиялық мінездемесі бойынша ақпарат беріледі, оның тапсырған тест нәтижелерімен таныстырылады. Пән мұғалімдерінің жеке не оқушыға, оқу-тәрбие процесінде туындаған жағдаятқа байланысты туындаған мәселелері бойынша жеке кездесулер өткізіледі.

Мекемедегі барлық мұғалімдерге арналған академиялық коучинг негізінде қыркүйек айынан бері өткізілген семинар тақырыптары:

- Адаптациялық бағдарлама «Тағы да мектепке»
- «Білім алушының кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастырудағы мұғалімнің рөлі»
- «Оқушының мүмкіндіктері мен талантын тану»
- «Оқушымен сенімді қарым-қатынас орната білу»
- «Тайм-менеджмент»
- «Оқушының академиялық үлгеріміндегі мұғалімнің рөлі»
- «Эмоцияларды басқару»

#### **Психологиялық біліктілікті арттыру**

2019-2020 оқу жылынан бастап Халықаралық психологиялық «Wisefull Academy» коучинг орталығында педагог-психолог маманы психологиялық біліктілікті арттыру курсынан өтуде. Өткен

2019-2020 жылы 207 сағаттық психологиялық курсты сәтті аяқтады. Биыл 2020-2021 оқу жылында психологиялық білімді арттыру жалғасын тапты.

1-4 тоқсан аралығында 40 сағаттық курсты бітірді. Курс аясында қамтылған тақырыптар:

1. PDP – Когнитивті-мінез-құлықтық терапия (II бөлімнен тұрады)
2. Балалар мен жасөспірімдердегі депрессия. Симптомдары және депрессиямен жұмыс
3. Зейін. Зейінді дамытуға арналған жаттығулар
4. Гипербелсенді әрі көңіл тапшылығы бар балалармен жұмыс (СДВГ)
5. Әлеуметтік қорқыныш. Белгілері мен жұмыс жасау әдістері
6. Эмоционалды интеллект. Дамыту жаттығулары
7. Буллинг. Буллингтің алдын алу жолары

Сонымен қатар, Қазақстан бойынша, психологиялық семинарларға қатысу арқылы білімді толықтыру шаралары жүргізілді. Мамыр айында Zoom платформасында ұйымдастырылған «Суицидтік реакциялар. Суицидтік тәуекелдің факторлары. Психологтарға ұсыныстар», «Клиентпен жұмыс барысында метафоралық ассоциативті карталарды қолданудағы арт-терапевтік техникалар» атты практикалық семинарларға қатысты.

### **Суицидтік әрекеттің алдын алуға байланысты жүргізілген жұмыстардың қорытындысы**

Суицидтың ең жиі кездесетін кезі 15-24 жас аралығы. Өзін-өзі өлтіруге бармас бұрын, суициденттердің көбі дайындық кезеңі – суицидалды кезеңінен өтеді, ол адамның бейімделу қабілетінің төмендеуімен сипатталады. Ол қызығушылық деңгейінің төмендеуі, қарым-қатынастың шектелуі, мазасызданғыш, эмоционалды тұрақсыз болуы т.б. Балалардың психикасы өте нәзік, тез жараланғыш келеді, олар кішкентай нәрсенің өзін проблема ретінде қабылдайды. Сондықтан осы мәселеге байланысты мектеп оқушыларының арасында өзіне-өзі қол жұмсау (суицид) жағдайларын болдырмау және суицидальды мінез-құлықтың алдын-алуға байланысты құрылған мектепшілік 2020-2021 оқу жылына арналған психологиялық жоспары құрылды және психология саласы бойынша тәрбие орталығымен, сынып жетекшілермен бірігіп тиісті шаралар атқарылуда.

Суицидтің алдын алу және болдырмау жұмыстары келесі бағыттарда жүзеге асырылуда.

1. Диагностикалық зерттеу жұмыстарын жүргізу.

2. Суицидтік қауіпі бар оқушыларды анықтау, суицидтік қауіпі бар балалар тобын және оның айналасын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу.

3. Сауалнама бойынша сынып жетекшілермен, дәрігер мамандарымен өзара әрекеттесу, мектептегі барлық оқушыларды өмірлік құндылықтарды үгіттейтін тәрбиелік жұмыстарға қатыстыру.

4. Алдын алу ретінде сынып жетекшілерімен бірге тәрбиелік іс-шараларды өткізу.

Негізгі мақсаты – өмірге көзқарастарын дұрыс бағыттау және сыныптағы психологиялық климатты оңтайландыру.

Осы бағыттар бойынша мектебімізде арнайы психологиялық қызмет құрылып, төмендегідей жұмыстар жүргізілді: Сынып оқушыларына үнемі сырттай бақылау жүргізіледі. Яғни, оқушылардың жекелік қасиетін анықтау, үзіліс кезеңдерде оқушылардың айналасындағылармен қарым-қатынасын бақылау, 1-11 сыныптың сабақтарына ену, жеке сөйлесіп кеңес беру, ата-аналарымен байланысып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Суицидалды мінез-құлықтағы оқушыларға арнайы көмек ретінде оның ішкі жан дүниесіне сенімділік орнату, рухани күш беру мақсатында жеке кеңес беру жұмысы ұйымдастырылды. Жағымсыз іс-әрекетке барғызбаудың алдын-алу жұмыстарына байланысты әңгімелесу, пікірлесу әдісі, жиналыс жасау, сынып жиналысы, тәрбие сағаты т.б іс-шаралар ұйымдастырылуда.

Аутоагрессияның алдын алу мақсатында диагностикалық жұмыстар «Кактус» әдістемесі, Кондаштың кобалжу шкаласы» әдістемесі, Айзектің «Тұлғаның психологиялық жағдайын анықтау» әдістемесі, «Аяқталмаған сөйлем» әдістемелері алынды. 7-11 сынып оқушыларының арасында сауалнама жүргізіліп, тұлғалық қабілеттері жөнінде мәліметтер жинақтады.

10-11 сынып оқушыларына аталып отырған мәселе төңірегінде «Суицидтің сыры неде?» деген тақырыптарда әңгіме қозғалды. Оқушы пікірі талданды. 9-10 сыныптармен дебат сабақ өткізілді.

Сонымен қатар 11 сыныптарға «Өмірді сүйе білейік», «Мен қалаймын» тақырыбында тренинг сабақтар, ҰБТ ға байланыста рухани күш беру мақсатта әңгімелесу әдістері, жүргізілді. Бастауыш сыныптардың өзін-өзі бағалауының, өзіне деген сенімділігінің анықтау үшін, отбасында қалыптасқан қарым-қатынасты анықтау үшін балаларды зерттеу үшін «Отбасы суреті» әдістемесі пайдаланылды. Барлық оқушының салған суреттері толық, жеке-жеке қаралып, талданды. Мектебімізде әрбір ата-анамен жұмыс жүргізіліп, бала психологиясы жөнінде ақыл-кеңестер беріледі.

Ал 1-8 сынып жетекшілерінен «Қиын оқушыларды анықтау» сауалнамасы алынды. Сауалнама бойынша 7-ші сұрақ «Сіздің сыныбыңызда «қиын» оқушы бар ма?» деген сұраққа сынып жетекшінің 100%- ы жоқ деп жауап берді. Мұғалім мен оқушылар арасында «Қиын оқушы қайдан шығады» деген тақырыпта дөңгелек үстел өткізілді. Өз кезегінде мектеп мұғалімдері, оқушылар өз пікірлерін білдіріп жүйелі, елелі ұсыныстар айтылды.

1- 11 сыныптар арасындағы сынып жетекшілері «Өмір тамаша!» тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізді. Мақсаты: Оқушының өмірге деген көзқарасын жақсы жағына қарай бағыттау, өмір құндылықтарын ұғындыру, суицидтік болдырмаудың алдын алу.

5-6 сынып аралығында «Мен өмірді таңдаймын!» тренинг сабағы болып өтті. Сабақтың негізгі мақсаты: оқушының өмірге деген көзқарасын жақсы жағына қалыптастыру, балалар бойындағы суицидтік мінез –құлықтың алдын-алу және болдырмау.

Орта буын оқушылары арасында «Менің сынып жетекшім» және «Оқушылардың бастауыштан орта буынға бейімделуі» тақырыптарында сауалнама алынып ,қорытындаланды. Зерттеу нәтижесі бойынша сынып жетекшілермен талдау жүргізілді және жеке коррекциялық жұмысты қажет ететін топ оқушылары анықталды. Эмоциональды жағдайды реттеуге бағытталған тренингтер әзірленді және жүргізілді. Осы орайда айта кететін жайт, әрбір сынып жетекші өзінің сыныбындағы әрбір оқушының отбасын, баланың мінез-құлқын, ерекшеліктерін, оқу үлгерімін жатқа білуі тиіс. Сынып жетекшілер сыныбымен диагностикалық ағартушылық, түзету-дамытушылық жұмыстар жүргізіп, ата-анамен, мектеп психологымен тығыз қарым-қатынас жасап отыруы шарт. сынып жетекшілерге сыныбы толығымен сенім арта білсе, оқушылар ішкі ойын ашып айта алатын жағдайға жетіп, аталмыш келеңсіздіктерден аулақ жүретін едік. Қорыта айтқанда, жыл басынан бергі атқарылған жұмыстар жоспар бойынша жүзеге асырылуда.


### **Қашықтықтан оқыту процесі – оқушылар көзімен**

Қашықтықтан оқыту процесінің оқушыларға әсерін бақылау үшін 7-8-10 сынып оқушылары арасында анонимдік тұрғыда сауалнама өткізілді. Сауалнама google form платформасында жасалды. Барлығы 88 оқушы қатысты. Сауалнама барлығы 12 сұрақты қамтиды.


Сауалнаманың мақсаты: Сүлейман Демирел атындағы мектеп-интернат-колледжінде қашықтықтан оқыту процесін ұйымдастыру сапасына қанағаттану деңгейін анықтау.

7-сыныптан – 42 оқушы, 8сыныптан – 35 оқушы, 10-сыныптан – 11 оқушы қатысты.

**Диаграмма 1. Сауалнама қатысушы сыныптардың көрсеткіші**




**Диаграмма 2. Сіз қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша білім алуға қалай қарайсыз?**



**Диаграмма 3. Сізге қолайлы оқыту түрі?**




Бұл жерде байқағанымыз, оқушылардың басым бөлігі дәстүрлі форматтағы оқытуды артық санайды.  
**Диаграмма 4. Сіздің қашықтан алған біліміңізге көңіліңіздің толуы?**



Бұл диаграмма бойынша оқушылардың 45,5 %-ының алған өз білімдеріне қанағаттануы – ортадан жоғары. 16%-ы – жоғары, ал қалған аз мөлшерінің қанағаттануы төмен.

**Диаграмма 5. Қашықтықтан оқыту жүйесіне қанағаттанушылық**



Қашықтықтан оқыту жүйесіне деген қанағаттанушылықты анықтауға келсек, 46,6% - ортадан жоғары, 19,3% - жоғары, ал қалған қанағаттануы төмен оқушылар саны - 12, орташа деп есептейтіндер саны - 18. **Диаграмма 6. Қашықтықтан оқыту кезінде сіздің оқуға деген қызығушылығыңыз**



Қашықтықтан оқыту кезінде оқушылардың 28,4%-ы өздерінің оқуға деген қызығушылығы нашарлады деп есептейтіндігіне назар аудару қажет. 50%-ы – өзгермеді деп есептесе, 10,2%-ы жауап беруге қиналады. Тек 11,4%-ы – жақсарды деп санайды.


#### **Диаграмма 7. Қашықтықтан оқыту кезінде оқу үлгеріміңіз**

Оқу үлгерімі оқушылар үшін ең өзекті мәселе. 26,1%-ы – нашарлады, төмендеді деп есептейді, жақсарды деушілер -15,9%-ы, 47,7%-ы – өзгермеді, яғни бір қалыпта деп ойлайды.






**Диаграмма 8. Қашықтықтан оқыту процесінде өзін-өзі жетілдіру мүмкіндігін бағалаңыз**




Бұл сұрақ арқылы оқушылар өзін-өзі дамытуды осы қашықтықтан оқыту кезінде қаншалықты қарастырғандығын байқауға болады. 38,8%-ы және 29,5%-ы – ортадан жоғары әрі жоғары мүмкіндікті көрсеткен. Бұл дегеніміз оқушылар түрлі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың пайдалы жақтарын пайдалану мүмкіндіктерін көре білгендігін көрсетеді.

**Диаграмма 9. Ақпараттық коммуникациялық технологиялардың қол жетімді болуы**



Диаграммадан байқағандай, оқушылардың 38,8%-на, 36,4%-на АКТ-ның қол жетімді болғандығын аңғарамыз. 10 оқушыға АКТ-ның қол жетімділігі – ортадан төмен болған.

**Диаграмма 10. Қашықтықтан оқыту процесінде уақытты дұрыс әрі ұтымды пайдалану көрсеткіші**




Диаграммадан көргеніміздей, оқушылардың көпшілігі уақыттарын тиімді әрі пайдалы өткіздім деп есептейді, аз мөлшері 5,7 және 9,1%-ы – тиімсіз пайдаландық деп есептейді.

**Диаграмма 11. Қашықтықтан оқыту кезінде (мұғалімдермен, сыныптастармен) ортамен қарым-қатынас жасауыңызды бағалаңыз**



Қашықтықтан оқыту кезінде белсенді қарым-қатынастың көрсеткіші төмен болған, орташа қалыптағы қарым-қатынас басым болғандығы анықталды. 13,6%-ы осы кезеңдегі қатынасқа көңілі толмайтындығын көрсеткен.

**Диаграмма 12. Қашықтықтан оқыту арқылы сапалы білім алу мүмкіндігін бағалаңыз**



Қашықтан оқыту барысында оқушылардың 43,2%-ы және 15,9%-ы сапалы білім алудың мүмкіндігі ортадан жоғары әрі жоғары деген баға берді, ал 18 оқушымыз ортадан төмен, яғни сапалы білім алу мүмкіндігі аз деген баға берді.

Сауалнама нәтижесін қорыта айтқанда, оқушылардың ең бірінші оқуға деген қызығушылығына, оқу үлгеріміне үлкен әсері болған. Дегенмен өз уақытын тиімді өткізуді мақсат тұтып, қажетсіз объектілерге уақыт кетірмеуді маңызды ұстанатын оқушылар үшін бұл кезең мүмкіндіктер (өзін-өзі жетілдіру, білімін арттыру) кезеңі болды деп есептей аламыз. Қарым-қатынас сферасындағы белсенділіктің төмендеуі көңіл аударарлық жәйт, себебі оқушылар әлеуметтену процесінде жүріп жатқандықтан, оларға тікелей қарым-қатынасқа түсетін ортада болу өте маңызды. Сондықтан, алдағы уақытта мүмкіндігінше оқушыларды дәстүрлі форматта оқытқанымыз абзал.

#### **7.Мектептің оқу-материалдық базасын нығайтуды, оны қаржыландыруды талдау.**

Мектептің қазіргі ғимараты 1975 жылы типтік үлгіде салынған. Қазіргі күні мектепте 423 бала білім алып, тәрбиеленуде. Мұғалімдер саны – 45, оның жоғарғы білімдісі 43, арнаулы орта 2.

Мектепте оқушылар кабинеттік режиммен оқиды. Бастауыш сыныптарына арнайы жабдықталған 8 кабинет бар, барлық кабинеттер толық соңғы техникалармен, интербелсенді тақталармен, жабдықталып, интернет желісіне қосылған. Кабинеттер арнайы стендтермен безендірілген, балаларға арналған шкафтар қойылған, гүлдендірілген. 5-11 сынып оқушыларына арналған 18 кабинет жұмыс істейді. Кабинеттер интербелсенді тақтамен қамтылған, интернет желісіне қосылған. Әр кабинетке жауапты етіп сынып жетекшісі тағайындалған. 2 кабинет информатика пәніне арнайы компьютерлермен жабдықталған, роботтехникамен айналысу мүмкіндігі қарастырылған. Келесі 2021-2022 оқу жылына арнайы пәндік кабинеттер даярлауды қолға алған дұрыс болар еді. Химия, физика кабинеттеріне лаборатория жабдықтау қажет.

**Жоғарыдағы талдауларды қорыта келе 2022-2023 оқу жылына төмендегі мақсат пен міндеттерді шешуге қоямыз:**

**Оқу жылының мақсаты:**

Әрбір оқушының білім деңгейін көтеру мақсатында жаңа технологияларын оқу процесіне енгізу және мұғалімдердің кәсіби өсуін қамтамасыз ету арқылы мектептегі әр оқушының білім сапасын көтеру, даралық, шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейту, оқушыларды шығармашылыққа имандылыққа, мәдениеттілікке, салауаттылыққа тәрбиелеу.

### **Оқу жылының негізгі міндеттері:**

1. ҚР «Білім туралы» заңына және мектеп жарғысына сәйкес демократиялық, жария, жалпы адамзаттық құндылықтар мен адамдардың өмірі мен денсаулығын құрметтеу, жеке тұлғаның еркін даму принципін ұстана отырып жұмыс жүргізу.
2. ҚР жалпы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты бойынша оқушыларға білім беруде білім стандартының талаптарын қамтамасыз ету.
3. Оқу кабинеттерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуды әрі қарай жалғастыру.
4. Оқушылардың сабаққа толық қатысуын үнемі қадағалап және жан-жақты дамуын, мамандық таңдауына педагогикалық басшылық жасау.
5. Оқушылардың шығармашылық зерттеу жұмыстарын дамыту.
6. Қабілетті оқушыларды даярлап, даралап оқытуға жол ашу.
7. Білім сапасын көтеруді басты назарды ұстау.
8. Сабақ және сабақтан тыс жұмыс кезінде жүйелі түрде оқытуда танылатын қызығушылықты үнемі ұстайтын, шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдердің жүйелі ынтасын жетілдіру.
9. Оқушылардың құқықтық, психологиялық, педагогикалық, экономикалық, компьютерлік сауаттылығын әрі қарай дамытып, дарындылық, шығармашылық қабілеттерін арттыру.
10. Озат іс-тәжірбие жұмысын қолға алу, шығармашыл мұғалімдермен жұмысты кеңейту. Басылымдарға мақала санын кеңейту мақсатында жұмыс жасау.
11. Білім сапасын арттыру бағытында мектепшілік бақылау жұмыстарын жетілдіріп, кемшіліктерді жою бағытында нақты шаралар алу.
12. Оқу-тәрбие жұмыс сапасын арттыруда ата-аналармен тығыз байланыс орнату. Ата-ананың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін күшейту мақсатында ата-ана мен мұғалім арасындағы байланысты жүйелі жүргізу.